

Жаппаров Н., Төленді Б.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, Қазақстан Республикасы

«ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ»

Сонау адам баласы пайда болған дәуірден бастап біз білетін, білмейтін мемлекеттер, империялар мен ұлы хандықтар өте көп болған. Әрқайсысының құрылуы мен құлау тарихы бар. Сахараның сары даласынан ойып тұрып орын алған, қазыналы тарихы бар Қазақстан атты мемлекеттің, Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан-ғайыр алқап- көшпенді қазақ жұртының бағзыдан бергі іргетепкен ата қонысы, алтын бесігі. Ұшқан құстың қанаты талатын осынау кеңдаланы, нешетүрлі хандықтар мен тайпалардың, рулардың тарихи оқиғалары болған.

Ал сол кішкене тарихи оқиғалардың бәрін қосқанда Қазақ мемлекетінің эволюциясы шығады. Әрбір қазақ жерінде өмір сүрген тайпалардың бүгінгі күнімізді қалыптастыруға деген үлесі зор. Қазақтың қазақ болып қалыптасу тарихында, бүгінгі салт-дәстүріміз, мәдениетіміз бен ойлану жүйеміздің бәрі сонау ғасырларда өмір сүрген сақтар мен сарматтардан, ғұндардан бастау алып шексіз жалғасып келеді. Тіліміз бен дініміз де бір күннің жемісі емес. Тәуелсіздікке жетемін деген тауқыметті айтсаншы. Жоңғарлармен шайқасып, орыстармен қырылған күндер ше? Ресей мемлекетінің отарына айналған күндер ше? Қазір бәрі көрген түстей ертегі сынды. Бірақ бұл біздің тарихымыз, батылдығымыз бен ата-бабамыздың басынан өткізген қиындығы. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дегендей, жүйрік уақыт зымырап өз дегенін жасайды. Ықылым заманан бүгінгі күнге дейін жұмыр жердің бетіндегі жүздеген мемлекеттердің құлдырауы, қалыптасуы, өсуі, өркендеуі, жаңаруы, рухани жаңғыруы табиғи заңдылығы деп

білеміз. Заман өзгерген сайын, уақыт талабы өзгерген сайын адам да өзгеріп, жаңа жетістіктерге жетуді, жаңа белестерді бағындыруды көздейді. Бұрын елді Хан басқарса, қазір Президент. Саясатта сан қырлы бағытқа өзгеруде. Заман да халықта, ұғым да өзгеруде. Өзгермеген бір ғана нәрсе. Қазақ деген жан қазақ деген қан. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келгені ұлтқа деген махаббат, халықты сақтау ұғымы, қазақтықты сақтау. Мәңгілік елге бағыт құру.

Қазақ халқы жүздеген жылдар бойы діні бөлек, тілі бөлек өзге елдің отарында болған болатын. 1991 жылдың 16-шы желтоқсанын да біз Тәуелсіздік туын желбіреткен болатынбыз. Сол сәттен бастап бүгінгі күнге дейін не өзгерді? Біз мемлекет статусына жетпестен бұрын, қазақ халқында Қазақ хандығы басқарған. Сонаутарих беттерін парақтай отырып қарасақ, көпетеген айырмашылықтарды салыстыра отырып айта аламыз. Мысалы, қазақ хандығы кезінде “хандар” билесе, Қ.Республикасы атанғаннан бастап, елді Президент басқарып келеді. Осы тұста Н.Ә.Назарбаев Президентіміздің еліміздің көркейіп, кең етек жайып аты шығуына, елді тәртіппен жүйелі түрде басқаруын ескеріп айтпасқа болмас. Әрине, мұндай орасан зор өзгеріс, үлкен еңбекті нар қасында келгені сөзсіз емес пе? Ең маңыздысы жоғалған салт-сананы қалпына келтірдік, жоғалуға сәл қалған ана тілімізді еске түсірдік, еріксіз ешкімге бағынбайтын, әлем халықтары сана сатын жеке тұлғалы мемлекетке айналдық. Иә, шын мәнінде тәуелсіздік алған жылдардан бастап, елімізде айтарлықтай үлкен өзгерістер болды. Осы айтылғандардың бәрі Қазақстан тарихындағы аса маңызды айтарлықтай оқиғалардың бірі, сол кезеңдері этникалық идеологиялық дамуды қазіргі ұлттық деңгейге жеткені үлкен жетістік! Мысалға алатын болсақ, Астана елордамызды Н.Ә.Назарбаев қалады. Сонымен қатар халықаралық кең көлемдегі 2017 жылы болған “ЭКСПО-2017” көрмесі, Елордамыз Астана қаласында көрсетілген болатын. Елбасымыз еліміздің басқа халықтың тарихында ерекше орыналуы үшін, алдағы ел қатарынан көрінуге бар күшін салуда. Үлкені, кішісі, жасы, кәрісі әрбір азаматы, әрбір тұлғасы бақытты мемлекетпіз. Шүкір! Тарихқа көз жүгіртсем маған

бір ерекше ой келеді. “Қандай мықты халықпыз” деген. Сонша қиын сәттерді басымыздан өткізіп, жарқын болашаққа ұмтылған қазақ халықы. Патриоттық сезім қалайша оянбайды? Тарихын білген, қазақтың қалыптасу эволюциясын білген әрбір қазақ патриот екендігіне мен сенімдімін. Н.Ә.Назарбаев басшымыз айтқандай “Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр”. Негізгі кәсіпшіміздің осы күнге дейінгі жүргізіп келе жатқан саясаты татулық, бірлік, ынтымақтастық.

Халқымыздың дана сөзінде: «Бір жағадан бас шығарсақ, бір жеңнен қолшығарсақ» береке бірлігімізді танытып, тұтастығымызды сақтай отырып, күш біріктірген жағдайда алынбайтын қамал, бағынбайтын таудың болары сөзсіз! Осы мақсатты жанымызға Ту етінде желбіреті отырып, Мәңгілік ел идеясы жарық көрген болатын. Негізгі идея әлем картасынан ойып тұрып орын алатындай, түтіні түзу, терезесі теңберікке айнала отырып, бабалар аңсаған асыл арманға бірге ұлт болып қол жеткізу. Алдағы мақсатымыз “Аманатқа қиянат жасамай”, елімізде аса кең көлемдегі бағдарламаларды белгілі жоғары деңгейде алып шығуымыз керек. Осының ішіндегі ең маңыздысы жаңа дәуіріміздегі тарихымызды жандандыру. Ұлттық санамыз бен жас ұрпақ санасына жеткізе білу, оны белгілі жүйемен, саралап жеткізген де ұлт болашағымыздың алғыр жастары, біз артқан үлкен сенімді ақтап, биік мінбелерден көрінетініміз айдан анық. Мәңгілік елге де айналармыз. Осы күнге жеткізген ата-бабамызға мың алғыс!